



Өрт қауіпсіздігі саласында лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1348. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1095 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1095 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған өрт қауіпсіздігі саласында лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 желтоқсандағы
N 1348 қаулысымен бекітілген

Өрт қауіпсіздігі саласында лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары

Осы Біліктілік талаптары өрт қауіпсіздігі саласындағы лицензиялық қызметпен айналысу құқығына үміткер субъектілерге қолданылады және оған мыналарды қамтиды:

- 1) өрт дабылы мен өртке қарсы автоматика құралдарын жобалау: заңды тұлғаның штатында жұмыс істейтін және лицензиялық жұмыс түрлерін орындауға келген маманның, сондай-ақ жеке тұлғалардың жоғары немесе орта техникалық білімі және өрт дабылы, өртке қарсы автоматика құралдарын жобалау мәселелері бойынша бақылауды немесе басшылықты (немесе тікелей жұмысты) жүзеге асырып келген маман ретінде кемінде үш жыл жұмыс стажы болуы тиіс;

субъектінің жобалау жұмыстарын орындау үшін нормативтік-техникалық базасы (әдебиеті) болуы тиіс;

- 2) өрт дабылы және өртке қарсы автоматика құралдарын монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету, өртке қарсы техника, өрттен қорғану

жабдықтары мен құралдарын шығару:

заңды тұлғаның штатында жұмыс істейтін және лицензиялық жұмыс түрлерін орындауға келген маманның, сондай-ақ жеке тұлғалардың жоғары немесе орта техникалық білімі және өрт дабылы, өртке қарсы автоматика құралдарын жобалау немесе монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету, өртке қарсы техника немесе өрттен қорғану құралдарын аудару мәселелері бойынша бақылауды немесе басшылықты (немесе тікелей жұмысты) жүзеге асырып келген маман ретінде кемінде үш жыл жұмыс стажы, белгіленген тәртіппен тіркелген ұйымдар берген электр кернеуі бар жабдықпен жұмыс істеуде білімінің тексерілгені туралы белгіленген үлгідегі құжаты болуы тиіс;

субъектінің санитарлық және өртке қарсы талаптарға жауап беретін үй-жайлары, өнімді шығаруға арналған жабдығы (немесе оларды жалдауға арналған шарты), белгіленген тәртіппен бекітілген шығарылатын немесе шығару жоспарланып отырған өнімге арналған техникалық құжаттамасы (техникалық шарттары, конструкторлық құжаттамасы, паспорты немесе нұсқаулығы), сондай-ақ құрастырылатын (шығарылатын) өнімнің сапасын тексеруге арналған қ о н д ы р ғ ы с ы б о л у ы т и і с ;

3) (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 3) тармақша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24. N 867 қаулысымен.